

ӘЛЕУМЕТ

Адвокат Сержан Пірәлиев: Әскери салаға толық ашықтық керек

Нұрбек ТҮСПІХАН

25 маусым 2026 жыл, 09:37



Ақтау қаласында жолдан өтіп бара жатқан сарбаздар (Азаттық архивіндегі фото)

Қазақстанда сарбаздардың өлімін әскери басшылық көбіне "өз-өзіне қол салу" немесе "кездейсоқ қаза" деп түсіндіреді. Шынымен солай ма? Әскердегі әлімжеттік бұрынғыдан азайды ма? Әскери істер бойынша адвокат Сержан Пірәлиевтің сөзінше, мұндай оқиғалардың басым бөлігі қоғамнан жасырылып қалады. Азаттыққа сұхбатында заңгер әскери бөлімдердегі қорқыныш атмосферасы, айтылмай қалатын деректер және әділдікке қол жеткізудің қиындығы жайлы айтып берді.

Азаттық: Сіз адвокат ретінде әскердегі әлімжеттік, өлім-жітім оқиғаларында жәбірленушіні де, күдіктіні де қорғайсыз. Айтыңызшы, әскердегі әлімжеттік туралы қылмыстық істердің тергелуі, тексерілуі қаншалық қиын немесе оңай?



Адвокат Сержан Пірәлиев

Сержан Пірәлиев: Біз кейде әскери бөлімшеге кіруге зар боламыз. Оған кіру үшін рұқсат алу керек. Олар жабық гарнизонда болады, барлығы құпия, онда барлық адам жіберілмейді. Біз онда кіріп, адвокат ретінде дәлел жинап, қорғауымыздағы адам айыпталушы болса да, жәбірленуші болса да куәгерлермен, басқалармен сұхбаттасып, дәлел жинауымыз керек. Ондай мүмкіншілік беріле бермейді.

Ол үшін әскери ұйымдардың басшыларына өтініш жазамыз. Біз барамыз дегенше олар тиісті адамдарды қорқытып-үркітіп, қысып-басып тастайды. Ол өз еркімен көп нәрсені айта алмай қалады. Тергеу кезінде бар жауабы "Білмеймін", "Көрген жоқпын, естіген жоқпын" болады.

Сотқа келіп, сот тергеуі болғанда ол жерде судья, прокурор, адвокаттар болады. Сол жерде куәлерге ақырындап сұрақ қойып, дәлелдер шығарамыз. Ол жерде командир, басшылары жоқ, сәл еркіндеу сөйлеп, шындықты айтады. Көп нәрсе сол сот тергеуі кезінде анықталады.

Азаттық: Баласы әскерде соққыға жығылған, мүгедек болып қалған немесе таяқтан қаза тапқан оқиғаларда шындыққа, әділ үкімге қол жеткізу мүмкін емес деп жиі шағынады ата-аналар. Осының сыры неде? Неге олай болады?

Сержан Пірәлиев: Әскери басшылар көп оқиғаны жасырады. Неге жасырады? Себебі ертеңгі күні тексеріс болғанда олардың басы кетеді. Олар лауазымынан босатылуы мүмкін. Кейбірі тіпті сотталуы да ықтимал. Олар содан қорқады. Олар жас баланы, оның өмірін, тағдырын, денсаулығын емес, өз басын ойлайды. Бізге жететін оқиғалар әрі кетсе 5-10% шығар. [Әлімжеттік туралы оқиғалардың] 90% сол жерде қалады.

Азаттық: Адвокаттық тәжірибеңізге сүйеніп айтыңызшы, әскердегі әлімжеттік бір реттік кездейсоқ оқиға ма, әлде жүйелі түрде қалыптасқан, үздіксіз келе жатқан нәрсе ме?

Сержан Пірәлиев: Бұл бұрыннан келе жатқан нәрсе. Қазір сіз бен біз сөйлесіп отырған кезде де біреу біреуді ұрып-соғып жатыр. Көбіне ақша талап етеді. Келісім-шартпен әскерге алынған, 25-30 жастағы жігіттер 18 жастағы балаға не істейді? Ұрып-соғады, қорқытады, ақша жинайды. Ондай бар ғой, оны бәрі біледі.

Оларға барғанда сұхбаттасуға кіресің. Сол кезде олар көздері бақырайып, дірілдеп тұрады. Содан соң командирлерге: "Шыға тұрыңдаршы, бетпе-бет сөйлесіп алайын" деймін. Басшылары шығып кетсе де қысылады. Олар айтады: "Аға, сіз кетіп қаласыз. Мені кейін шақырады да, "Қандай сұрақ қойды? Не болды? Не айттың?" деп сұрақтың астына алады, соның бәрін айтуым керек". Әскери салада шындыққа көз жеткізіп, ақиқатты табу өте қиын.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Әскерде жұмбақ жағдайда жарақаттанған Ербаян Мұхтар көз жұмды

Азаттық: Қазақстанда әскердегі әлімжеттіктің нақты статистикасына қол жеткізу неге қиын, Сержан мырза? Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан бағынатын ПМ, ҰҚК-не қарайтын Шекара қызметі деген сияқты құрылымдар соттың алдына келгенде деректерін ашық айта ма?

Сержан Пірәлиев: Оның бәрі құпия болып саналады. Көп нәрсе айтылмайды, көрсетілмейді. Адам өліп жатса да ешкімге айтпайды. Біреулер туған-туысқанына, журналистерге айтпаса немесе интернетте жарияламаса, ол ақпаратты ешкім білмейді. Бізде жоғары әскери лауазымда отырғандарға ол статистика керек емес. Оның бәрі жарияланса, көбінің басы кетеді ғой. Көп адамды ұрып-соғады, көбі мүгедек болады. Оның көбі айтылмайды. Ол статистикада да жоқ. Көбінің аузын жауып қояды, немесе "өзің кінәлісің" дейді.



Қазақстан армиясында реформа жүргізуді талап етіп, үкімет үйінің алдына келіп тұрған адамдардың бірі сырт киіміне тағып алған жазу. Астана, 10 қараша, 2025 жыл.

Азаттық: Қорғаныс министрлігі ресми мәлімдемелер жасаған кезде әскерде әлімжеттік бар дегенді мүлдем жоққа шығарады. "Бұл кездейсоқ оқиға болды", "Көлік қағып кетті", болмаса "өзінің бір психологиялық мәселесі болды" деген сияқты нәрселерді алға тартады.

Сержан Пірәлиев: Бізде сондай ғой. Мен қатысқан бір істе былай болған: Шекара қызметінде 19 жастағы бала асылып өлген. Әу баста "ол қызымен ұрсысып қалыпты" деді. Кейін келісімшартпен 20 жыл қызмет істеген, темекі шекпейтін, арақ ішпейтін азаматты кінәлі етіп соттады. Бірінші ақпаратты жасырды, сосын кінәлі адамды қайтсе де табу керек болды. Ал негізінде оқиға басқаша болған.

Бізде тергеу солардың ыңғайына қарай жасалады. Кінәліні тапқызып, мойындатып не мойнына іліп, сотқа жібереді. Соттар істі әділ қарамайды, олар тергеу мен прокурордың сөзін сөйлейді. Менің ойымша, бізде әділ сот жоқ. Айыпталушыны ақтау деңгейі өте төмен.

Бізде соттар неден қорқады, білесіз бе? "Қазір оны ақтасам, олар қарсы жақтан пара алды немесе басқа бірдеңе жасады" деп ойлайды.

Бізде әскерден бұрын ең алдымен сот жүйесін дұрыстау керек. Ал сот жүйесін қалай дұрыстаймыз? Біріншіден, бізде судьяның бәрін президент тағайындайды, бәрі президент әкімшілігіне қарайды. Екіншіден, олар Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарайды, бәріне жалтақтайды. Оның орнына Құрылтай Жоғарғы сот

судьяларын сайласа, облыстық соттардың судьяларын облыстық мәслихаттар, аудандық сот судьяларын аудандық мәслихаттар сайласа дұрыс болар ма еді?

Мәслихат деген де халық сайлаған адамдардан тұратын орган ғой. Сол аудан тұрғындарының 10 мыңы ма, белгілі бір көлемі жиналып, судьяны алып тастай алатын мүмкіндік берілуі керек. Ал бізде қазір судьяны тағайындау үшін 2-3 ай, тіпті жарты жыл кетеді. Әділдік болуы үшін ең алдымен осыны дұрыстау керек.

Азаттық: Әскердегі әлімжеттік – қоғамда өте өзекті мәселе. Өйткені баласын әскерге жіберген кез келген ата-ана оның аман-есен келгенін қалайды. Соғысқа жіберіп жатқан жоқ, бейбіт заман. Адамдардың бойындағы, ойындағы осы үрей-қорқынышты жеңу үшін әскери күштік құрылымдар ең алдымен нені өзгертуі керек деп ойлайсыз?

Сержан Пірәлиев: Адвокат ретіндегі менің жеке ойым: әскери сала ашық болуы керек, ештеңені жасырмай, болған істі болғандай айтуы керек. Шекара қызметі, ҰҚК, ішкі істер, Ұлттық ұлан – барлығының қазармаларында, жүрген-тұрған жерлерінде дыбысы да жазылатын видеокамера орнатылуы қажет. Сонда ештеңе жасыра алмас еді. Сонда көп адам жапа шегіп, жаман жағдайлар, өлім-жітім болмас еді. Онда бұлай көп кісі сотталмас та еді.

Айдар

ЖАЛПЫ АРХИВ

ӘЛЕУМЕТ

ҚАЗАҚСТАН

БАС ТАҚЫРЫПТАР